

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Академиялық кеңесінің Аккредиттеудегі консультациялар жөніндегі комитеті туралы ереже

Санаты: Қағидалар

Бекітілген күні: 30.11.2022

Күшіне енген күні: 30.11.2022

Қолжетімділік деңгейі: Ашық қолжетімділік

Сыныптауыш бойынша нөмірі: 8.4 АС

Бекітуші орган: Академиялық кеңес

Тіркеу нөмірі: #10

Иесі: Провост офісі

Қайта қарау күні: 01.11.2025

Қолданылуы: НУ

Күші жойылған құжаттар:

Атауы: «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Академиялық кеңесінің аккредиттеудегі консультациялар жөніндегі комитеті туралы ереже

Күні: 07.04.2021

Тіркеу нөмірі: 23

Бекітуші орган: Академиялық кеңес

1-бөлім. Мақсаты және қолданылу саласы

1.1. «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы (бұдан әрі – Университет) Академиялық кеңесінің Аккредиттеудегі консультациялар жөніндегі комитеті (бұдан әрі – Комитет) туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) Комитеттің міндеттерін, функцияларын, басқару қағидаттарын, құрамы мен рәсімдерін, сондай-ақ оның мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін айқындайды.

2-бөлім. Анықтамалар

2.1. Қолданылмайды.

3-бөлім. Негізгі ережелер

3.1. Міндеттері

3.1.1. Комитет Академиялық кеңеске институционалдық аккредиттеумен және тиісті институционалдық бастамалармен байланысты мақсаттар мен стратегиялық іс-шараларды қоса алғанда, Университеттің стратегиясын іске асыру мәселелері бойынша консультация беретін Академиялық кеңестің тұрақты жұмыс істейтін органы болып табылады.

3.1.2. Комитет жалпы бағытқа басшылықты жүзеге асырады және бағдарламалық аккредиттеуге қолдау көрсетеді, сондай-ақ аккредиттеуге және тиісті институционалдық бастамаларға қатысты мәселелер бойынша Университетте деректермен және тәжірибемен алмасуға жәрдемдеседі.

3.2. Функциялары

3.2.1. Міндеттерге сәйкес Комитет:

1) тиісті аккредиттеу агенттіктерінің талаптарын сақтау үшін қажетті институционалдық іс-шараларға қатысты Академиялық кеңес пен Университеттің басшылығына консультациялар мен ұсынымдар беруге;

2) нұсқаулықтар беруге және қолдау көрсетуге, сондай-ақ бағдарламалық аккредиттеуге өтінімдер беру жөніндегі іс-шараларға мониторинг жүргізуге;

3) аккредиттеумен және тиісті институционалдық бастамалармен байланысты кәсіби дамуда әкімшілік жұмыскерлерге және оқытушы-профессорлар құрамына (ОПК) консультация беруге және қолдау көрсетуге;

4) аккредиттеу процесіне және тиісті институционалдық бастамаларға университеттік қоғамдастықты хабардар етуге және тартуға;

5) Университеттің Академиялық кеңесінің нұсқауларына сәйкес басқа да міндеттер мен іс-әрекеттерді орындауға тиіс.

3.2.2. Комитет қажет болған жағдайда Академиялық кеңеске өз қызметі туралы есеп береді.

3.3. Басқару қағидаттары

3.3.1. Комитет Академиялық кеңестің шешімі бойынша құрылады.

3.4. Комитеттің құрамы

3.4.1. Комитет мынадай мүшелерден тұрады:

- 1) Академиялық кеңестің атынан ұсынылған Комитет төрағасы;
- 2) Провост офисінен бір өкіл;
- 3) CPS-ті (Университет алдындағы дайындық орталығы) қоса алғанда, әр Мектептен бір өкіл;
- 4) ОПҚ Сенатынан бір өкіл;
- 5) қажет болған жағдайда студенттер мен басқа да өкілдер.

3.4.2. Комитет мүшелері төрағаның орынбасарын және Комитет хатшысын таңдайды.

3.4.3. Комитеттің мүшелері, оның төрағасын қоса алғанда, егер қажет болған жағдайда, кез келген уақытта ауыстырылуы мүмкін.

3.4.4. Комитеттің кез-келген мүшесі отырысқа қатыса алмаған жағдайда, ол өзінің орнына отырысқа қатысатын өкілді тағайындауы керек.

3.4.5. Комитет төрағасының ұсынуы бойынша Комитеттің құрамын Академиялық кеңес бекітеді.

3.5. Комитет мүшелерінің құқықтары және міндеттері

3.5.1. Комитет мүшелері Комитеттің жұмысын ілгерілету үшін өздеріне жүктелген функцияларды, өкілеттіктер мен міндеттерді орындаулары тиіс.

3.5.2. Комитеттің мүшелері өзара іс-әрекеттерді жүзеге асырады және Комитет, Мектептер, Университеттің құрылымдық бөлімшелері мен басқа ұйымдар арасында ақпараттың таратылуын қамтамасыз етеді.

3.5.3. Комитет мүшелері мәселелерді Комитеттің қарауына енгізуге құқылы және Комитет материалдарына қол жеткізе алады.

3.6. Рәсімдер

3.6.1. Комитет төрағаның талабы бойынша немесе Комитет белгілеген кестеге сәйкес шақырылады.

3.6.2. Комитет отырыстары қашықтықтан кез-келген электронды байланыс пен бетпе-бет қатысуды қолдана отырып өткізілуі мүмкін.

3.6.3. Университет қоғамдастығының барлық мүшелері отырыстарға қатыса алады. Жабық отырыстарға тек Комитеттің мүшелері ғана қатыса алады.

3.6.4. Комитеттің кворумы дауыс беру құқығы бар мүшелердің 50 пайызын құрайды.

3.6.5. Дауыстар тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

3.6.6. Төраға арнайы комитеттерді тағайындауы және (немесе) қажеттілігіне қарай арнайы топтарға бастамашылық етуі мүмкін.

3.6.7. Төраға отырыстарды шақырады, Комитеттің жұмысын ұйымдастырады және Комитет берген ұсынымдардың орындалуын қамтамасыз етеді.

3.6.8. Төраға болмаған жағдайда оның функцияларын Комитет төрағасының орынбасары орындайды.

3.6.9. Комитеттің ресми жұмыс тілі – ағылшын тілі.

3.7. Есеп материалдары

3.7.1. Комитет хатшысы Комитеттің қызметі туралы жазбаша есептер, оның ішінде Комитеттің барлық отырыстарының хаттамалары мен күн тәртібін жасайды және жүргізеді.

3.7.2. Отырыстардың хаттамаларына Комитет төрағасы мен хатшысы қазақ және ағылшын тілдерінде қол қояды.

3.7.3. Отырыстардың хаттамалары Университет хаттамаларын дайындауға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес ресімделеді.

4-бөлім. Босату

4.1. Қолданылмайды.

5-бөлім. Уақытша ережелер

5.1. Қолданылмайды.

6-бөлім. Қайта қарау

6.1. Осы Ереже бекітілгеннен кейін үш жыл бойы тексерілуі және қажет болған жағдайда қайта қаралуы тиіс.

7-бөлім. Өзара байланысты құжаттар

7.1. Қолданылмайды.